



АЛАТАУ

Ардагері



ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№41(51) 11 қазан 2024 жыл

1 қазан - Халықаралық қарттар күні

ҚАРТТАРЫМЫЗ - ҚАЗЫНАМЫЗ



Жыл сайынғы қазан айының 1-жұлдызы ақсақалдар мен ақ самайлы аналарымыздың асыға күтетін қасиетті мерекесіне айналған. Осынау орны бөлек қастерлі шараны Алматы облысындағы аудандар зор мереймен қарсы алды. Барлық аудандарда қазыналы қарттар мен ақ жаулықты аналарға лайықты құрмет көрсетіп, қуаныштарын бөлісті.

Райымбек ауданы. Дәстүрлі мерекені бірінші болып Қымбат Әжікеева мен Салтанат Кемекова басшылық жасайтын аудандық кітапхана мен балалар кітапханасының ұжымы бастады. Рухани қазына мекенінде ақ дастархан жайып, береке мен бірліктің, татулық пен ізгіліктің ұйтқысы саналып жүрген қадірлі қариялардың бастарын қосты. Аудандық мешіттің найб имамы Көпірәлі Әлғожаның ақ батасымен ашылған мерекелік дастархан басында салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа, ұрпақ тәрбиесіне қатысты, қарттардың қоғамдағы алатын орны жайлы әсерлі әңгімелер кеңінен өрбіді. Ғасырлар бойы қалыптасқан ұлтымызға тән бата-тілектердің маңызы мен мәні төңірегінде ортақ ой тоғысты. Бүгінде қазыналы қарттардың қатарын түзеген Райымбек ауданының Құрметті азаматтары Қанат Ахметов пен Советбек Әубәкіров кітапхана қызметкерлерінің мерекеле мерейді тасытқан құрметтеріне ыстық ықыласқа толы ақжарма тілектерін жеткізді.

Аудандық кітапханадан басталған қарттар мерекесі Б.Мұқай атындағы аудандық мәдениет үйінде жалғасты. Салтанатты шараға әр ауылдан арнайы шақырылған қазыналы қарттар, ақ жаулықты аналар, ақсақалдар алқасы мен аналар кеңесінің төрағалары, қоғамдық ұйым өкілдері, ауыл әкімдері қатысып, орны бөлек мерекеле лайықты құрмет көрсетті. Аудан әкімі Берік Дүйсенбаев қарттарды төл мерекелерімен құттықтады:

- Құрметті қариялар! Сіздерді бүгінгі мейірім мен ізгіліктің, қайырымдылық пен даналықтың мерекесі – қарттар күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бүгінгі біз өмір сүріп отырған бақытты заманымыз өздеріңіздің қажырлы еңбектеріңіз, шүмектете төккен терлеріңіз, ақыл-парасаттарыңыз арқылы қаланғанын жақсы білеміз. Бұл үшін өздеріңізге алғысымыз шексіз. Қарттарымызды ардақтап, қай кезде де қамқорлық аясынан тыс қалдырмау-қастерлі міндетіміз. Сіздер аман болыңыздар! Сіздер барда уақыт алға тартқан қиындықтарды сезіне қоймайтынымыз анық, сеніміміз нық,-деген аудан әкімі ауданның дамуына, әлеуетінің артып, мәдениетінің көтерілуіне сөз көмегімен де, бөз көмегімен де үлес қосып келе жатқан бір топ қарттарға Алматы облысы әкімінің бірінші орынбасары Нұрлан Әбдірахымның арнайы Алғыс хатын табыстады. Қарттардың тағы бір шоғыры аудан әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. «Алтын қазына» әжелер ансамблі мен аудандық мәдениет үйі өнерпаздарының концертті мерекенің ажарын ашып, абыройын арттырды.

Алатау қаласы. Арман қала Алатау қаласының әкімі Әркен Хамитұлы Өтенов қарттар күні мерекесінің салтанатты шарасы өткізілмей тұрып, Ынтымақ, Жанаарна, Құйған, тағы басқа елді мекендердегі жалғыз басты және мүгедек қарттардың әрқайсысының үйді-үйіне барып, оларды мерекелерімен құттықтап, сый-сияпат тапсырып қайтты. Бұдан соң № 34 мектептің акт залында мерекелік шара ұйымдастырды. Бұл салтанатқа қала әкімінен басқа Алматы облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ерболат Сапарұлы Тұрымбетов, қалалық мәслихат төрағасы Роза Абилова, қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Асқар Юсупов қатысып, құттықтау сөз сөйледі. Шараның соңы Алатау қаласы ардагерлері мен мектеп ұстаздары дайындаған концертке ұласты.

Қарасай ауданы. Аудан әкімі Жасұлан Тоққожаұлы Естенов Қаскелең қаласындағы «Тау Грант» мейрамханасында ақ дастархан жайып, өңірдің қоғамдық жұмысына белсене араласып жүрген ардагерлерді, сонымен қатар зейнет жасындағы зиялы қауым өкілдерін қарттар күнімен құттықтады. Ұлтымыздың болашағы үшін аянбай еңбек етіп, елдің бірлігі мен тыныштығын сақтап келе жатқан аяулы қарттарымызға шын жүректен алғыс айтып, оларға сый-сияпат жасады. Оларға ән-күйден шашу шашылды.

Ұйғыр ауданы. Шонжы ауылындағы «Мария» дәмханасында 1 қазан-қарттар күні мерекесінде аудан экономикасы мен әлеуетін өркендетуге, мәдениеті мен спортын дамытуға белсене атсалысқан аталар мен апалар үшін салтанатты шара өткізілді. Бұл тамаша кездесу кеші аудан әкімі мен аудандық ардагерлер кеңесі және әжелер алқасының күшімен ұйымдастырылды. Аудан әкімі Бота Серікқызы Елеусізова жиналған қауымды мерейлі мерекелемен құттықтап, ардагерлер мен зейнеткерлерге жас ұрпақты тәрбиелеудегі атқарып жатқан игі істеріне ризашылығын білдіріп, алғыс айтты. Бұдан соң аудандық «Ұрпақ парызы» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Жәнет Керімқұлов қарияларға деген пейілін өлең жолдарымен жеткізді. Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ербол Нұрсейітов жылына бір рет келетін осындай мерекелемен барша қауымды құттықтап, өңірдің аға ұрпақ өкілдеріне өзінің ізгі тілегін айтты. Қарттар күні мерекесі облыстың басқа аудандарында да жоғары деңгейде ұйымдастырылды.

Алина МЕЛІС,
Роза АЙДАРБЕКОВА.

ЖАҢАЛЫҚТАР ВЕСТИ

Алматы облысында қарасанның карантині тоқтады

Алматы облысының Үлкен Ақсу ауылында қарасанға байланысты енген шектеу шаралары аяқталды. Қазір елді мекенде жағдай тұрақты. Бұл туралы ауыл шаруашылығы вице-министрі Ермек Кенжеханұлы мәлімдеді, деп хабарлайды Azattyq Rýhy.



«Алматы облысында ауру анықталуына байланысты карантин жарияланған болатын. Карантин сол елді мекен бойынша шектеулерді қамтамасыз етті. Бүгінгі таңда осы шектеулердің бәрі толық жойылды. Карантиннің аяқталуына байланысты ол жақта жағдай тұрақты», - деді ол сенат кулуарында.

Вице-министрдің айтуынша, Үлкен Ақсу ауылында 22 мал басынан қарасан анықталған: он алтысы – ірі қара, қалған алтауы – жылқы. Ветеринарлық талаптарға сәйкес, залалсыздандыру жұмыстары жасалған.

Стартует жилищная программа «Алатау жастары»

С 1 октября в Алматинской области стартует новая жилищная программа «Алатау жастары» для молодежи до 35 лет, передает корреспондент агентства Kazinform.



По условиям программы официальный стаж трудовой деятельности в Алматинской области у участника программы должен быть не менее одного года. Его обязательно нужно будет подтвердить пенсионными взносами. Также у претендента и членов его семьи не должно быть в собственности недвижимости в течение последних пяти лет.

Прием заявок на участие в новой жилищной программе стартует с 1 по 15 октября. Претендентам нужно будет подать заявление по адресу: город Конаев, 1-й микрорайон, № 41, БЦ «Байтерек», с 10:00 до 18:00. После завершения приема заявок специальная комиссия отберет участников программы согласно набранным баллам.

Алматы облысында ауыл балалары ескі емхана ғимаратында оқуға мәжбүр

Оқушылар ескі емхана ғимаратында білім алып жүр. Алматы облысындағы Белбұлақ ауылында №10 мектептің құрылысы тұралап тұр, деп хабарлайды Azattyq Rýhy Алматы арнасына сілтеме жасап.



Мектеп өткен ғасырда бой көтеріп, күрделі жөндеуге бытыр көктемде берілген. Ата-аналар «60 жылдан бері бірінші рет жөндеу жұмысы жүргізілген білім ордасы ашылмауы мүмкін» деп алаңдайды. Себебі 3 рет мерзімінен кешіккен мердігер жазда мүлдем жоғалып, ғимарат қараусыз қалған.

Белбұлақ ауылдық округінің 536 оқушы бұрын амбулатория болған ескі, тар ғимаратта оқып жүр.

Қосалқы мердігер компания өкілдері «мәселенің бәрі шоттардың бұғатталып қалуынан басталды» деп ақталды. Олардың айтуынша, зардап шегіп, тиісті қаражатқа қол жеткізе алмай әлек.

Ардагер тұлға арамызда

ҒАЛЫМНЫҢ ЖОЛЫ

Бүгінгі күні жер бетін басып жүрген ғұмыр жолының тоқсаныншы жылынан асып, әңгімеміздің өзегіне айналғалы отырған кейіпкеріміздің аты-жөні-Жолмұқан Түрікпенұлы. Бүкіл саналы ғұмырын балалар мен жастарды оқыту мен тәрбиелеуге арнаған ғалым-ұстаз.

Бұл кісі 1934 жылы 13 шілдеде Еңбекшіқазақ ауданындағы бұрынғы Шыбыл, қазіргі Қайрат ауылында дүниеге келген екен. Ақшидегі орталау мектебін үздік бітіріп, оқуын Алматыдағы Жамбыл атындағы №18 мектеп-интернатта жалғастырған көрінеді.

1951-1957 жылдары С.М.Киров атындағы ҚазМУ-дің физика-математика факультетінде оқыды. Университетті тамамдаған соң біраз жылдар мектепте мұғалім, оқу ісінің меңгерушісі, Алматы кинотехникумының директоры қызметтерін атқарды.

1962-1964 жылдары ҚазМУ-дің «Психология» мамандығы бойынша аспирантурада оқып, педагогика ғылымының кандидаты дәрежесіне ие болады. Одан кейін Жоғары және арнаулы орта білім министрлігінде ғылыми-педагогтық кадрлар даярлау бөлімін басқарды.

Ғұмырының соңғы қырық жылдан астам кезеңін Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті мен әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде профессор лауазымында ұстаздық етумен келді. Осы аталған университеттердің «Үздік ұстаз», «Ғылым қайраткері», «Еңбектегі ерлігі», «Сіңірген еңбегі үшін» алтын медальдермен марапатталған. Мыңдаған шәкірттер тәрбиелеп, «Ұстаздық қылған жалықпас, үйретуден балаға» дегендей, ұстаздық жолын жалғастырды.

Сонымен қатар ол-көптеген ғылыми-әдістемелік еңбектердің авторы. Оның ішінде елуге жуық монографиялары мен оқу құралдары бар. Газет-журнал беттеріндегі жарық


көрген мақалалары 200-ден асады. Ұстаз өзінің кәсіби мамандығын үнемі жетілдіріп отырған. Мәскеу, Санкт-Петербург (Ленинград), Ташкент, Алматы қалаларының алдыңғы қатарлы оқу-ғылым орындарында өз мамандығын үнемі жетілдіріп, бүгінгі күнмен байланыстыра ұштастырып отырған.

Ж.Түрікпенұлының ғылымдағы негізгі ізденістері-педагогикалық психология саласы. Нақтылай айтсақ, оның ішінде біріншіден, педагогикалық психология ғылымының Қа-

ПСИХОЛОГИЯ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМИ МЕКТЕПТЕРІ: АҚТАР ДИАЛОГЫ ЖӘНЕ САБАҚТАСТЫҒЫ» атты халықаралық дөңгелек үстел



У Юбилею академика Жолмухан Туркпен



етіп, балаларын да осы жолға тәрбиелеген ардақты әке. 1959 жылы 76 жасында дүниеден қайтты. Қайрат ауылындағы бас көшелердің біріне құрметті педагог Түрікпен есімі берілген.

1895 жылы дүниеге келген шешесі, Дәулетбай деген елдің қызы Дәриға Имашқызының да ғұмыр жолы мектеппен байланысты. Мектепте жұмыс істеген. Көп сәби көтерген алтын құрсақты ана болса керек. Алайда, олардың біразы шетіней беріпті де, бес баланың маңдайына ғана Алла өмір беріпті. Сол бес баланың кейбірі әке жолын қуып, ұстаздықты кәсіп еткен көрінеді.

Әкесінің үлкен қызы Қаншайым мен кіші қызы Тамара-мектеп мұғалімдері. Ортаншы қызы Жамал барлық ғұмырын әл-Фараби атындағы Ұлттық университетінде қазақ тілінен дәріс берумен өткізген. Кенже баласы Анарбек бүгінде ҚазҰТУ-дің геология кафедрасының профессоры, республикаға және ТМД елдеріне белгілі минеролог-ғалым. Анарбектің қызы Алма да әке жолын жалғастырып, геология мамандығын меңгерген.

Сол мамандық бойынша кандидаттық, докторлық диссертацияларын сәтті қорғаған ғалым. Бүгінгі таңда Қ.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінде геология кафедрасының меңгерушісі, профессор.

Тамырын тереңге жайған, дастархандарына құт-береке дарыған Жолмұқандар отбасындағы бес баладан отыздай немере-шөберелер тараған екен. Бұл әулеттен тараған барлық ұрпақтар-адал еңбектерімен күн кешкен, сыпайы, инабатты, иманды, таза жандар.

«Ғалымның жазған хаты өлмейді» деген тұжырым ақиқатқа жақын болса ғалымның өзі салып кеткен сара жолы ғылым соқпағында жарқырап жатары анық. Демек, бар ғұмырын ғылым жолына арнаған абыз ақсақалдың артында ғылымға, келер ұрпаққа керекті мол дүниесі жатыр деуге негіз бар.

Биыл әл-Фараби атындағы университет өзінің тоқсан жылдық ғұмыр тойын атап өтті. Бір кереметі сол, осы университет қабырғасында студенттерге дәріс берген ғылым саласы тұлғаларының бірі Жолмұқан Түрікпенұлы ақсақал да өзінің ғұмыр жолының тоқсаныншы белесінен алқынбай өтті. Бұл дата сәйкестік пе, басқа ма, әркім өз таразысына салып, салмақтай жатар. «Университет-менің тағдыр жолым» дейтін ақсақал үшін өзі мен өзі еңбек еткен университеті ертоқымның бір бірінен ажырамайтын екі үзенгісі секілді. Кешегіден келешекке бет алған университеттің келешегі жарқын болса, онымен сапарлас, құрдас болған ғалым ақсақалдың да ғұмыр жолы ұзақ болса екен деп тілегіміз келеді. Ылайым солай болсын.

СИҚЫМБЕКТИҢ Алтынбайы.
Алматы қаласы
Медеу ауданы
Алатау кенті.

зақстанда өсіп-өркендеп, қалыптасу тарихы, осы саладағы ғылыми атаулардың, терминдердің орнығып қалыптасуы. Екінші мәселе, балалар мен жастарды еңбекке баулу, болашақ кәсібін, мамандығын дұрыс таңдап алу үшін оларға кәсіби бағыт-бағдар беру. Ұстаздың кандидаттық диссертациясы осы проблемалардың психологиялық-педагогикалық астарларына арналған. Үшіншіден, ғалымның соңғы кездерде тереңірек ден қойып, зерттеп, зерделеп жүрген мәселесі өзінің ұстазы, қазақтың көрнекті педагог-психологы Төлеген Тәжібаевтың ғылыми мұралары жайында. Бұл зерттеулердің нәтижесінде оннан астам монография, қырықтан аса ғылыми мақалалар жарияланды. Ұстазы Т. Тәжібаевтың туған күнінде ол кісіге

сында ұйымдастырушы болып шәкірті Жолмұқан Түрікпенұлы жүрді.

Ғалымның ұстаздық-ғылыми еңбектері жоғары бағаланып, «СССР халыққа білім беру ісінің үздігі» атағы беріліп, «Еңбек данқы», «Еңбектегі ерлігі үшін», «Ы.Алтынсарин» атындағы медальдермен, төс белгілермен, одан тыс көптеген грамоталармен марапатталған. Ол-Қазақстан Республикасы гуманитарлық ғылымдар академиясының академигі, Еңбекшіқазақ ауданының Құрметті азаматы.

Оның жас кезінен ұстаздық жолға бет бұруы тегіннен тегін емес еді. Жалпы Түрікпен әулеті ұстаздық кәсіпті өмірлеріне серік еткен. Әкесі Түрікпен ауыл молдасынан сауатын ашып, кейіннен Алматыға келіп, оқу-ағарту орнын бітірген. Мұғалім мамандығын алып, 1920 жылдары туған ауылына қайта оралып, сауатсыздықты жою жолына аттанады. Сол жылдары партияға қабылданады. Сол жылдары туған ауылында мектеп ашып, ауыл балаларына дәріс берген. Хат танымайтын үлкендердің сауатын ашқан. Ликбездің алғашқы мұғалімі болған. Өз еліне көптеген игі шаралар жасап, соны ұйымдастырып, іске асырушылардың бірі болған. Өмір бойы оқу-ағарту саласында адал еңбек



Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық академик Жолмұқан Түрікпенұлының «ПСИХОЛОГИЯ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМИ МЕКТЕПТЕРІ: АҚТАР ДИАЛОГЫ ЖӘНЕ САБАҚТАСТЫҒЫ» атты халықаралық дөңгелек үстеліне қатысушылар

Қарттарды қолдау

Көпті көрген асыл қарттарымыз қай кезде де халқына сүйеу, жұртына қамқор болған. Ұлттық құндылықты бойына сіңіріп өскен ұрпақ үлкенін сыйлап, кішіге қамқор бола білген.

Кеген ауданында қарттарды қолдау аясында бірқатар шара атқарылып, өңірдің еңбек ардагерлері мен зейнеткерлеріне құрмет көрсетілуде. Қарияларға арнап қайырымдылық шаралары, жеңілдікпен медициналық қызмет көрсету ұйымдастырылды. Биыл Кегенде жалпы отыздан астам зейнеткер шипажайларда тегін ем алуға жіберілді.

Ақсақалдарын ардақтап, ақсақалдар кеңесінің төрағаларын «Жаркент-Арасан» медициналық сауықтыру кешеніне ем алуға жіберсе, қарттар мерекесіне орай, Аналар кеңесі мен Ақсақалдар кеңесінің төрағаларын тағы да осы шипажайға дем алуына мүмкіндік жасады. Мұндай құрметті сыйлаған аудан әкімі Нұрбақыт Молдахметовке ақсақалды қарттар мен ақ жаулықты аналардың айтар алғысы шексіз.

Сонымен қатар, жуырда 10 зейнеткер «Жаркент-Арасан» медициналық сауықтыру кешеніне жолдама алды.

Санаторияға жолдама алған 69 жастағы зейнеткер Бақытгүл Көнеева бұл жолы Жаркент қаласында орналасқан «Жаркент-Арасан» шипажайында алты күн ем қабылдады.

«Жаркент-Арасан» кешеніне жеткенімізде шипажай қызметкерлері бізді жылы қарсы алды. 4 мезгіл тамақ берілді, мұнда ем қабылдаушыларға айрықша ықылас танытуға тырысып тұрады екен. Маған ұнағаны-саз балшықпен емдеу. Буын аурулары мен суық тигенге көп көмегін тигізді, -деді Бақытгүл Көнеева.

Зейнетке шықса да, қоғамдық жұмыстан әлі де қол үзбей, ауданның өркендеуіне өз үлестерін қосып жүрген аналар мен әкелер осындай қамқорлықты сезініп, ризашылығын білдіруде.

- Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын!- дегендей, Нұрбақыт баламыздың еңбегі жансын! Ауданымыз биіктен көрініп, жақсы істің жаршысы бол беруіне тілек

АЛҒЫС АРҚАЛАДЫ



теспіз!- дейді зейнеткер Досымхан Бидайбекова.

Шипажайға барғандар қатарындағы Есбол Рысбаев, Ермек Құрманғалиев, Мақатай Елжанов, Бақытгүл Көнеева, Құралгүл Көбенбаева, Нұргүл Қызайбекова, Роза Батырханова, Науша Сасықова, Бақытгүл Байбатшаевалар емдерін ала жүріп, шипажайда өткізілген «Алло, біз таланттарды іздейміз!» атты мәдени шарادا «Әжелер» тобы өз өнерлерін көрсетіп, бірінші орын алды. Волейболдан өткен спорттық жарыста аталар жеңімпаз атанып, медициналық сауықтыру кешенінің мақтау қағаздарымен марапатталып, алғыс арқалады. Алдыңғы буын әкелер мен аналар жастарға осылайша жол көрсетіп, аудан мәртебесінің жоғары болуына өз үлестерін қоса бермек.

Дәурен ЕРМЕКБАЙ.
Кеген ауданы.

Жаныңда жүр жақсы адам

ҚАДІРІ БӨЛЕК ҚАРИЯ

Бүгінгі күні көненің көзін көрген қарттар қатары арамызда аз емес екенінің өзі-үлкен қуаныш. Халқымыздың қазынасы атанған шоқша сақалды ақсақалдар мен самайларын әжім басқан ақ жаулықты аналардың өткен өмір жолдары өнегеден тұратынын тарих тарауларынан да жақсы білеміз. Олардың жүріп өткен жолдары алдыңғы буын аталарымыз бен апаларымыздың артынан ерген жас ұрпағы үшін тәрбиенің таптырмас тағлымы мен ғұмырлық ғибраты болып табылады. Сондықтан да болар, олардың мәртебесі шоқтығы биік болып, жоғары тұрады.

Осыдан екі жыл бұрын аудандық ардагерлер ұйымының алқалы жиынына қатынасып қалғаным бар. Олардың бұл бас қосуларында маңызды мәселелер тізбегі баршылық-ақ екен. Оның бәрі бүге-шігесіне дейін әңгіме арқауы болып жатты. Одан кейінгі мәселенің ұшығы тыл ардагерлерінің өміріне тірелді. Әрине, Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің қатары сиреп қалғаны айтпаса да түсінікті жәйт еді. Көзі тірі бірлі-жарымының өзі төсек тартып жатқаны қабырғанды қайыстырып-ақ жібереді. Сонда көпшілік алдында 80 жастың сенгіріне шығып отырған Жібек жолы ауылдық округінің ардагерлер ұйымының төрағасы, ұзын бойлы еңсесін әлі де тік ұстайтын, арықтау келген, ашаңдау жүзінен мейірім шуағы төгілген Базаркелді Анисов қария мінберге көтеріліп, салмақты да сабырлы кейпімен сөзін бастап кетті:

- Біз-соғыстан соң туған ұрпақтарымыз. Халықтың, қоғамның, жас ұрпақтың алдында менің замандастарымның, үзегілерімнің парызы мен қарызы әлі өтеліп болған жоқ. Соғыстан кейін біз-бейбіт күннің берекесін арттыруға, ел дәулетін молайтуға білігімізді түріп тастап, белсене атсалысқан адамдармыз. Тоғысқан екі ғасырдың куәгерлеріміз. Тылдың сол кезеңдегі тынысы қандай болғанын білмейтіндер әлі баршылық, - деп әңгімесінің тізгінін әріден ширата бастады.

Ол кісінің ой-толғаммен қозғаған әңгімесі мәнділігімен, маңыздылығымен жұрт назарын бірден аударып әкетті. Расында да соғыстан соң туған ұрпақтардың көтерер жүгі жеңіл-желпі болмағанын санасына сіңіріп өскен халық оны ешқашан да жоққа шығара алмайды. Буыны бекімей, қанаты қа-

таймай жатып ат жалын ерте тартып мінген Базаркелдінің халық шаруашылығы жұмыстарын қалпына келтіру мақсатында аянып қалған жері жоқ. Небәрі 17 жастағы бота тірсек бозбаланың қазандай қайнап жатқан шаруашылық жұмыстарынан қол үзбей қоммақты үлесін қосқанын оның қатарластары әлі күнге дейін ауыздарынан тастамай айтып келеді. «Халық айтса, қалт айтпайды» деген қағида бекер айтылмаса керек.

Шындығында да, Базаркелді қарияның қолымен ұстап, көзімен көрген бейнеттері шаш етектен келетін шаруаның жиынтығы десе де болады. Ол кездегі колхоз бен совхоздың жұмыстары таңның атысынан, күннің батысына дейін саябыр тауып көрген емес. Қыстың қыраулы күндерінде мал қыстауларының азығы мен керек-жарағын апару, көктемнің алғашқы күндерінен егіс даласының қызу жұмыстары басталады. Ал, жадыраған жаз айы келгенде, шілденің шыжыған ыстығында қоғамдық малдың қамы үшін шөп шабу науқаны басталады. Күзгі маусым жиын-терін жұмыстарының бір-бірімен жалғасып, жанталасып жататын уақыты. Осы бір еңбек додасының бел ортасында Базаркелді жүрді.

Мұның былай болатын жөні де бар еді. Қазақтағы «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» деген тағлымы мол тәмсіл сөз қалай дәл тауып айтылған. Ес білген шағынан ата-анасының алдынан қия өтпеген Базаркелді ол екеуінің айтқан ақыл-кеңесін құлағына құйып алып, табандылығымен тап-тұйнақтай етіп орындап отыруды өзіне басты ұстанымына айналдырды. Одан өмірінде жаңылып көрген жері жоқ. Қайта

өсейген сайын қара жұмыстың қандайына болмасын тереңдеп қанығып, шымырдай болып шыңдала түсті. Оның осы қасиеті айналасындағыларға айтарлықтай сабақ алатындай өнеге жолы болды.

Жаңа ғана Базаркелді Анисовтың әке-шешесін тілімізге тиек етіп өткен едік. Жарықтықтар жарық дүниені жалпағынан басып жүрген кездерінде дүйім жұртқа белгілі адамдар болыпты. Мәселен, әкесі Кенжебек Қаратаев өте малсақ жан атанып, төрт түлік малды өсіруде алдына жан салмапты. Адал еңбегі оны абырой асқарына шығарып, атақ-даңқы да алысқа кетіпті. Қатарынан екі мәрте «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталыпты. Содан өмірінің соңына дейін мал бағумен өтіпті. Артында айқын ізі қалыпты. Әкесінің бұл ересен еңбегі-артында қалған асыл тұяғы үшін ауыз толтырып айтып жүретін үлкен мақтаныш.

Ал, аяулы анасы Кәбен Қаратаева болса, колхоз жұмысының қара нары болған екен. Колхоз жұмысы бірінен кейін бірімен сабақтасып жататын сан-салалы жұмыс қой. Соның бәріне ақ тер, көк тер болып үлгеріп жүріпті. Осындайда қазақ поэзиясының ақтандай ақыны Мұқағали Мақатаевтың «Аңыздардан тере жүріп масақты, Рас, рас, көзімізден жас ақты. Бірақ сол бір дауыл жылдар, от жылдар, Бәрімізден бір-бір батыр жасапты» деген жолдары бар «Қырқыңшы жылдар» деген өлеңі ойға оралмай қоймайды. Бұл жолдар тағдырмен тайталасып өткен жайсаң жандардың жарқын бейнесін көз алдына әкеледі.

Өз кейіпкеріміз туралы әңгімеміздің кіріспесінде біраз жайлардың басын қайырып тастаған едік. Енді соны одан әрі жалғастыра түсейік. Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарына дейін әр жұмыстың басын бір шалған Базаркелді бұдан кейін мал шаруашылығында табанды түрде еңбек етуге бекем бел буады. Жылқышының құтты құрығын қолына алады. Жал құйрығы желпілдеген жылқы малын бағудан еңбегі жеміссіз болмайды. Жібек жалды құлындар алудан да алда болады. Тұяғы бүтін тұлпарларды өсіруде топ бастаған жылқышы болып, шаруашылықтың бетке ұстар майталманы атанады.

Өмірлік кәсібі осымен ғана шектеліп қалмайды. Жеті жылдан кейін сауда саласына қарай бет бұрады. Жұмысшылардың сауда кооперативінде 31 жыл табан аудармай еңбек етеді. Мұның 24 жылында малшыларға қызмет көрсететін көшпелі автодүкенді ұстайды. Кейіндеп жоғарыда аталған сауда мекемесі бастығының орынбасары, одан соң бастығы да болады. Пайғамбарлық жасқа жетер шағында төрт жылдай Алматы облыстық әкімшілігінің шаруашылық басқармасында қызмет атқарады. Зейнеткерлік демалысқа шыққаннан кейін де қол қусырып қарап жатпайды.

2016 жылдан бері Жібек жолы ауылдық округінің және ауыл жұртшылығының қолдауымен осы ауылдағы ардагерлер ұйымының төрағасы болып сайланады. Жауапкершілігі зор бұл жұмысты Базаркелді Анисов ақсақал лайықты ар-ұятымен, жас ұрпаққа деген ұлағатымен, халықтың өзіне артқан сенімімен атқарып, жақсы істің жанашыры болып келеді. Халыққа сыйлы, абыройлы қария. Ауданда да, облыста да беделінің беріктігін нық ұстауда. Ол ауылға қатысты проблемалардың, халықтың әлеуметтік жағдайына байланысты өзекті мәселелердің оңды шешімін табуына айтарлықтай ықпалын тигізіп жүр. Олары өзінше бір әңгімеге татырлық. Айта берсе, аяқтала қоймайды.

82 жастағы Базаркелді Анисовты аудан жұртшылығы баяғыдан бері жаппай Ба- жат ата деп атап кеткен. Бұл оған деген халықтың орынды құрметі сияқты. Сол Бажат атамның адал еңбегінің арқасында арқалап жүрген марапаттары мен алғыстары да өзінше бір төбе. «Сауда саласының үздік қызметкері», Мәскеуде 1991 жылы өткен соңғы Бүкілодақтық кәсіподақтар съезінің делегаты, Алматы облысының «Құрметті ардагері», Қарасай ауданының «Құрметті азаматы». Төрт баласының тілеуін тілеп жүрген Базаркелді қарияның алдағы өмірден де күтері көп. Біз қадірлі қарияның сол армандарына аман-есен жеткеніне тілеулеспіз...

Қанат ТӘКЕБАЕВ,
Алматы облысының Құрметті азаматы,
Қарасай ауданы.

9 қазан-дүниежүзілік пошта күні

ЕҢБЕК ЕТКЕН ЕРІНБЕЙ...

Былай қарасаң жұмысы онша елене бермейтін және көзге түспейтін мамандық иелері бар. Ол-пошта қызметкерлері. Тереңірек үңілсең, олардың атқарып жатқан қызметтері ұшан-теңіз. Қазір ғаламтор заманы десек те, пошташы мамандығы өзінің қажеттілігін еш жоғалтқан жоқ. Әсіресе ауылды жерлерде. Естеріңізде болса жас кезімізден бері «Почтальон Печкин» деген мультфильмді көріп өстік. Осы уақытта да бұл мультфильм өзінің мазмұндылығын жоғалтқан жоқ. Қызықты болғандықтан оны балалар да, ересектер де тамашалайды. Онда «Почтальонның аяғы мықты болуы керек» деген сөз бар. Сол мультфильмнің басты кейіпкері Печкин сияқты қыстың суығына, күннің ыстығына қарамай хат-хабарды уақытында жеткізіп отырған пошта мен байланыс қызметкерлері біздің арамызда бар. Олардың еңбегі өте қиын да күрделі. Аудандағы пошта торабын жас та болса бас болған Мекебаев Дулат басқарады.

Ұжым мүшелері өте ұқыпты, ұйымшыл. Бұл ұжымда ерлі – зайыпты Навирдин мен Айнуэрәм ұзақ жылдар бірге істеп, ел құрметіне бөленіп жүр. Кез келген хат-хабар ең бірінші сұрыптау бөліміне келіп түседі. Сол сұрыпты дәл, тура етіп әр жерге бөлу де отыз жылдан аса қызмет еткен Жамалхан мен Күлашардың еңбегін ерекше атағым келіп тұр. Олар тиісті газет-журналдардың қай ауылға және кімге баратындығын жатқа біледі десем, өтірік айтқандық емес. Қашан барсаң да барлық дүние реттеулі, тұтынушылардан ешқандай арыз-шағым жоқ. Бұлар өз ісінің шеберлері деп ойлаймын. Күні бойы көше кезіп, ел-жұрттың ықыласына бөленіп жүрген Айсарова Алиям, Насирова Алия, Ганиева Рахиям, Мусретова Гүлнарәм, Секербаева Багила, Насырова Айнуэрәм, Тохтығожаева Рано, Исраилова Гүлсара сияқты

өз ісін жетік білетін ел көңілінен шыққан почтальон қыздар-нағыз батырлар. Жалақыларының аздығына қарамастан күннің суығына, ыстығына төзіп кеткен, елдің алғысына бөленген жандар.

Қарттардың бәрі жас та болса өз ісінің маманы, ел алғысына бөленіп жүрген Бибиғүл Азатжанқызын жақсы көреді. Ешбір жанды ренжітпей, жұрт көңілінен шыға білген Бибиғүл кез келген адамның айтқан нәрсесіне ұқыпты жауап береді, қабақ шығуды білмейді. Газет, журнал-адамдардың рухани азығы. Әр аптада кез келген аудан тұрғыны өзінің сүйікті газетін асыға күтеді, қашан газет, журнал келеді деп асығады.



Сол асыға, сағына күткен нәрселерін оқырманға жеткізіп отырған бүкіл пошта қызметкерлеріне рахмет! «Еңбек, еңбек, еңбек бәрін жеңбек» деген аталы сөз бекер айтылмаған. Олар ерінбей еңбек етіп, нәсібін теріп жеп жүр.

Қымбатты, қадірлі, еңбегі зор пошта қызметкерлерінің төл мерекесі - 9 қазан. Бұл мерекені пошта қызметкерлері асыға күтеді. Бүкіл жұртқа күле қарап тұратын пошта қызметкерлеріне алғыстан басқа айтар ештеңе жоқ. Өз еңбегін еселеп жүрген, жүруден жалықпаған, почтальон Печкин айтқандай «аяғы мықты» пошташылар мен пошта қызметкерлерін ақ жаулықты әжелер, ақ сақалды ардагерлер құрметтеп, қадірлейді. Олар ау-



дандағы пошта қызметкерлерінің жұмыстарына дән риза. Біздің пошта қызметкерлері әсіресе баспасөзде жазылу науқаны кезінде оқырмандарға жан-жақты көмектесіп, қандай басылымды жаздырып алу керектігі жөнінде тиісті ақыл-кеңес береді.

Төл мерекелеріңіз құтты болсын құрметті пошташылар! Еңбектеріңіз жана берсін!


Рая САРТОЛОВА,
Ұйғыр ауданының құрметті азаматы.



Құттықтау!

БІЗ СІЗБЕН МАҚТАНАМЫЗ

Құрметті Әсет Көшербайұлы, Еңбекшіқазақ ауданындағы А. Н. Бубенцов атындағы орта мектепте көп жыл алғашқы әскери дайындық пәнінен сабақ бердіңіз. Аудандық Қорғаныс істер, Оқу бөлімдерінің басшы мамандары Сізді әскери оқытушы-ұстаз деп бағалайды. Жыл сайын өткізген іс-шара, кездесу-жиындарыңыз газет-журнал арқылы аудан, облысқа таратылуда. Оқушылардың Отан қорғау қабілетін нығайтуда, көптеген семинар-жиын, іс-тәжірибеніңізді жас оқытушы ұстаздарға үйреттіңіз. Оқушылардың әскери рухын, патриоттық сезімін, жауынгерлік тарихи санасын қалыптастыруда зор үлес қостыңыз. Сізді жоғарғы санатты оқытушы ұстаз, білікті маман деп аудандағы әріптестеріңіз бағалайды. Біз сізбен мақтанамыз!



Сізді 60 жасқа толған мерейтойыңызбен құттықтаймыз! Деніңізге саулық, отбасыңызға амандық тілейміз.

Құттықтаушылар
Еңбекшіқазақ ауданындағы Қорғаныс істер бөлімінің, білім саласының қызметкерлері және барлық мектептердің алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушылары.

ЕЛ АЛҒЫСЫНА БӨЛЕНГЕН ЖАН



Абдразақ Тохтыбакиев – Шонжы ауылындағы ақсақалдар кеңесі төрағасының орынбасары. Үш қыздың, жиендерінің сүйікті атасы, жұрт жанашыры. Қолынан келсе, ешкімнен жақсылығын аямайтын жан. Елі үшін еңбек етіп, ел алғысына бөленіп жүрген Абдразақ жетпіске толып отыр. Бәріміз үшін аса сыйлы жанға туған күнің құтты болсын дейміз. Жан жары, отанасы Мервангүл екеуі ел-жұрттың арасында өте сыйлы. Еңбек еткен жылдарда да өзінің қайратын туған жерге арнаған Абдразақ әлі күнге дейін өз биігінен төмен түскен жоқ. Абдразақ Тохтыбакиев әсіресе баспасөзге жазылу нақаны кезінде облыстық «Алатау ардагері» газетін ел арасында кеңінен насихаттап, осы басылым таралымының көп болуына елеулі үлесін қосып жүр. Еңбегі бағаланып, талай марапаттарға ие болды. Ауыл тұрғындары Абдразақты аса қатты құрметтейді. Қымбатты Абдразақ жүрегіңізге Алланың нұры құйылып, зор денсаулық арқасында жүзге келіңіз.

Ізгі ниетпен, Рая САРТОЛОВА,
Ұйғыр ауданы ардагер әжелер кеңесінің төрайымы.

Ауыл спорты



АЩЫБҰЛАҚТЫҚТАРДЫҢ ЖЕҢІСТЕРІ

Алматы облысы «Спорт ардагері» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен халықаралық қарттар күніне орай волейбол, үстел теннисі, тоғызқұмалақ, кіші футболдан және шахматтан ардагер спортшылар арасында облыстың ашық біріншілігі Қарасай ауданының Қырғауылды ауылында орналасқан «Нұр-Аман» спорт кешенінде болып өтті.

Осы дүбірлі жарыста Іле ауданының намысын қорғаған Ащыбұлақ ауылдық округінің ардагер спортшылары да жақсы нәтиже көрсетті. Атап айтқанда, үстел теннисінен сынға түскен Турабаева Сайора 3 орынды жеңіп алса, тоғызқұмалақтан өткен жарыста Родионов Виталий 2 орынға табан тіреді. Ал құрамында Д. Жамалбеков, Р. Садабаев, А. Пархоминок, М. Арчибаев, В. Беленков, Г. Жайтеміров, С. Бергін сынды ойыншылар ойнаған «Жәпек батыр» волейбол командасы финалдық кездесуде ғана алаң

иелері қарасайлықтарға жол беріп, екінші орын иеленді.

Барлық жүлдегерлер ұйымдастырушылардың тарапынан тағайындалған арнайы сыйлықтармен, грамота және медальдармен марапатталды. Қатысушылардың барлығы қарасайлықтардың қонақжайлылығына риза болып тарасты.

Дәулетбай ЖАМАЛБЕКОВ,
Ащыбұлақ ауылдық округі ардагерлер кеңесінің төрағасы.
Іле ауданы.



Білгенге маржан

ҚАЗАҚ НЕГЕ ЖЕТІ АТАҒА ДЕЙІН ҚЫЗ АЛЫСПАҒАН

Жеті атаға толмай қыз алыспау – ата-бабамыздан бері келе жатқан қатаң құқықтық заң-ереже. Бұл – ауру тудыратын генетикалық өзгерістердің, физиологиялық және психологиялық ауытқудың алдын алу үшін жасалған сақтық шарасы.

Яғни, үйленетін азамат қалыңдықты жеті таудан асып, жеті өзеннен өтіп тапса, ерлік саналған. Бұл ұрпақ саулығын, қан тазалығын, тектілікті сақтаудың ең ұлы әрі ең сенімді жолы ретінде әлемде мойындалды.

“Жеті жарғыдағы” жеті ата мәселесі

Жеті жарғының некелік қатынастар туралы бабында балиғатқа толумен қатар, екінші шарт – бұл болашақ жұбайлардың жеті атаға дейін туыстық қатынаста болмауы талап етілген. Онда балиғат жасы 13 болып белгіленген. Сонымен бірге атастыру, айттыру, құда түсу, ғашықтық және

ның жиналысы шешіп отырған. Алдымен 3-5 ретке дейін ескерту жасаған. Егер екі жас ақсақалдардың, әке-шешенің шешіміне қарамай үйленсе, қашып кетсе ең алдымен «теріс бата» берген. Сонымен бірге қайда қашып кетсе де тауып алып, жазалап, тіпті, өлтіріп отырған.

Мұндайдан елді шектеп, халыққа үлгі ету үшін “тас ату” арқылы да қия басқандарды жазалап отырған. Онда әр үйден бір адамнан шығып, бір кесек тасты елді қара бет еткен қылмыскерге атқан. Бұл діни жазалау түріне ұқсап кетеді.

Кейде төрт жаққа керіп, жерге жатқызып байлап қойып, үстінен қоралы қойды арлы-берлі өткізу арқылы малдың тұяғына таптатып өлтірген.

Елден аластау – кейде осындай ауыр қылмыс жасаған екі жасты байлап, елден алыс жерге апарып, тентіретіп қоя берген. Бірақ өлтірмеген.

Бұдан тыс асау жылқының құйрығына тағып, сүйретіп жіберген жағдайлар да болыпты.



басқа да жолмен қосылудың ережелері айқындалды. Қалыңмал берудің тәртібі де ру басылары мен ақсақалдардың келісімімен халықтың әлеуметтік жағдайына қарай онтайландырылды. Бұның қазақта “бай байға, сай сайға құяды” деген мәтеліне айналғаны белгілі.

Жеті атаға жетпей қосылғандарға қолданылған жазалар

Теріс бата – әке-шешесі, не қатты назары түскен ақсақал алақанын теріс қаратып жайып, лағнет айтып, қарғыс дұғасын оқыған.

Жеті атаға толмай қосылған жастардың мәселесін ру басшылары мен ақсақалдары-

Қазақ жеті атаға толып, қыз алысуға рұқсат болғанда қандай жоралғы жасаған?

«Әрине, бұл жағдай екі жастың өзара махаббатынан туындайтыны белгілі. Мұндай кезде ауыл ақсақалдары мен билері ақылдасқан. Егер екі жастың туыстық байланысы жеті атаға толса, жеті рудан билер мен ақсақалдарды жинап, «Ақсарбас» айттып, мал сойып, батасын беретін болған. Сонымен бірге жаңа шыққан руға ру атын, ен-таңбасын, аруақ-ұранын белгілеп берген. Міне осы баталасудан кейін бұл екі ру бір-бірінен қыз алысатын болыпты».

Ғаламтор желісі бойынша дайындаған Роза АЙДАРБЕКОВА